

Жер теліміне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданың Новоишим ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 мамырдағы № 41 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабы 1 -тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы Новоишим ауылдық округ әкімі ШЕШІТІ:

1. "Буденное-СК" жауапкершілігі шектеулі серікtestігіне Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мұсірепов атындағы аудан, Новоишим ауылдық округі, Новоишим ауылында орналасқан резервуарлар (су жинақтағыш) үшін жалпы алаңы 1,0 га жер теліміне 49 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

A. Букпин